



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қазақстан аймақтарында халықтың  
табысына қатысты тұтынушылық  
сұраныстың түрлілігін эмпирикалық  
бағалау

**Ақша-кредит саясаты департаменті  
№2024-4 экономикалық зерттеу**

М. Самат

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) экономикалық зерттеулері мен талдамалық жазбалары ҚРҰБ зерттеу нәтижелерін, сондай-ақ ҚРҰБ қызметкерлерінің басқа да ғылыми-зерттеу жұмыстарын таратуға арналған. Экономикалық зерттеулер пікірталасты ынталандыру үшін таратылады. Құжатта аталған пікір авторлардың жеке ұстанымын білдіреді және ҚРҰБ ресми ұстанымына сәйкес келмеуі мүмкін.

Қазақстан аймақтарында халықтың табысына қатысты тұтынушылық сұраныстың түрлілігін эмпирикалық бағалау

**NBRK - WP - 2024 -4**

## Аннотация

М. Самат<sup>1</sup>

Үй шаруашылықтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, қалыптасқан тұрмысы мен әдеті түрлі болуына байланысты тұтынушылық тәртіп елдер бойынша ғана емес, бір экономиканың ішінде де ерекшеленуі мүмкін. Бұл жұмыста Қазақстанның өңірлері бойынша тұтынушылық сұранысқа бірнеше күтпеген өзгерістің осындай түрлі әсері талданады. Құрылған векторлық авторегрессиялардың құрылымдық моделінің нәтижесі өңірлердегі тұтынушылық сұраныстың кіріс пен кредиттеу күрт өзгеру әсеріне түрлі тәуелділігін көрсетеді.

*Негізгі сөздер: тұтынушылық сұраныс, құрылымдық векторлық авторегрессия моделі, өңірлер бойынша сұраныстың түрлі болуы, импульстік әсер.*

*JEL-сыныптау: C51, E21, E27.*

---

<sup>1</sup> Самат М.Н. - Ақша-кредит саясаты департаментінің макроэкономикалық зерттеулер және болжау басқармасының бас талдаушы-маманы  
E-mail: Moldir.Samat@nationalbank.kz

**МАЗМҰНЫ**

<b>Кіріспе</b> .....	4
<b>1.1. Әдебиетке шолу</b> .....	5
<b>1.2. Пайдаланылған деректер</b> .....	6
<b>1.3. Талдау әдістемесі</b> .....	9
<b>1.4. Қазақстандағы үй шаруашылықтары тұтынуының ерекшеліктеріне қысқаша экскурс</b> .....	11
<b>1.5. Кіріс пен кредиттеудің Қазақстандағы тұтыну шығысына әсерін эмпирикалық бағалау</b> .....	15
<b>1.6. Одан әрі зерттеулерге арналған қорытындылар мен ұсыныстар</b> ...	17
<b>Әдебиеттер тізімі</b> .....	18
<b>Қосымша</b> .....	18

## **Кіріспе**

Тұтынушылық сұранысты зерделеу орталық банктің инфляциямен қатар негізгі және күрделі міндеттерінің бірі болып табылады, себебі ақша-кредит саясатының (АКС) тұтынушылық бағаға әсері нақты тұтыну арнасы арқылы байқалады. Ел өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі айырмашылықтарды ескере отырып, тұтынушылық сұраныстың күтпеген өзгерістерге түрлі тәуелді болу ықтималдылығы бар. Өңірлердің әрқелкі дәрежесін түсіну – тұтынуды жақсы түсіну және Ұлттық Банкте макроэкономикалық модельдерді құру үшін пайдалы болуы мүмкін.

Бұл жұмыста өңірлер бойынша сұраныстың түрлі болуы тексеріледі және құрылымдық векторлық авторегрессия техникасы (SVAR) негізінде өңірлер бойынша күтпеген өзгерістің бірнеше түріне тұтынушылық сұраныстың тәуелділігі біртекті болмауы бағаланады.

Жұмыс бірнеше бөлімнен тұрады. Бастапқы тараулар тұтынушылық сұранысты зерделеу бойынша әдебиетті шолуға арналған, содан кейін зерделенген әдебиетті шолу негізінде бағалау техникасы таңдалып, талдау әдіснамасы сипатталады. Үшінші тарауда айнымалыларды таңдау сипатталады. Өңірлер бойынша сұраныс көрсеткіші ретінде автор үй шаруашылықтарының тұтыну шығысын қамтамасыз ететін экономика салаларының шығарылымы негізінде сұраныс көрсеткіші есептелді. Сұранысты түсіндіретін факторлар ретінде халықтың нақты ақшалай кірісі нысанындағы халықтың әл-ауқаты факторы, сондай-ақ тұтынушылық кредиттерді беру көлемі пайдаланылады. Жұмыстың төртінші тарауында Қазақстандағы тұтынушылық сұраныстың негізгі үлгілері қысқаша сипатталады. Бұдан әрі тікелей эмпирикалық бағалау нәтижелерінің сипаттамасы және қорытындыда жұмыстың негізгі тұжырымдары мен тұтынушылық сұранысты зерделеудің одан әрі бағыттарына ұсынымдар беріледі.

Талдау нәтижелері бойынша өңірлердің 30%-ы барлық күтпеген өзгеріске статистикалық тұрғыдан елеулі түрде тәуелді болған жоқ, қалған өңірлерде кіріс пен тұтынушылық кредиттеудің күтпеген өзгерісіне тұтыну шығысының әртүрлі реакциясы бар екендігі расталды. Халықтың тұтынуына әсер ететін өңірлерде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай – тұтыну әртүрлі болуының бірден-бір себебі.

## 1.1. Әдебиетке шолу

Тұтынушылық сұранысқа арналған алғашқы теориялардың бірі – Дж. М. Кейнстің абсолюттік табыс теориясы. Оған сәйкес, тұтынушылық тәртіп ағымдағы табыс деңгейіне функционалдық тәуелділікпен айқындалады. Ал капитал мен пайыздық мөлшерлеме тұрақты саналады. Кейінгі іргелі теорияларды Дж. Хикс негіздеді, ол тұтынуды кірістен ғана емес, пайыздық мөлшерлемеден де (IS-LM моделі) алынған функция ретінде қарастырған; Ағымдағы емес, перманенттік табысты бірінші орынға қойған М. Фридман, сондай-ақ Ф. Модильяни, өмірлік цикл теориясын енгізді.

Қазіргі іргелі теорияларды саны бойынша эмпирикалық бағалау эконометриканың дамуына байланысты мүмкін болды. Эконометрикалық техникалардың дамуына қарай тұтынушылық тәртіпті бағалау әдістері кездейсоқ адасудың ең қарапайым модельдерінен неғұрлым күрделі құрылымдық модельдерге дейін өзгерді.

Тұтынуды эмпирикалық бағалау бойынша ең ерте жұмыстар – Ұлыбританияда векторлық авторегрессия модельдерінің көмегімен қолда бар кірістен тұтынуды бағалайтын жұмыс (James E. H. Davidson, David F. Hendry, Frank Srba, Stephen Yeo, 1978). Сондай-ақ тұтыну көбіне инерциялық келеді және оны болжау – болашақ кіріспен емес, кездейсоқ адасу процестерінің көмегімен мүмкін деген қорытындыға келген америкалық экономистің (E.Hall, 1978) жұмысы. Бұдан әрі (Flavin, 1981) жұмысында керісінше, тұтыну табысқа «шамадан тыс байланысты» екені хабарланады және бұл қорытынды өтімділікті шектеу тұтыну шығысын бағалау үшін маңызды екендігінің айғағы ретінде кеңінен түсіндіріледі (Dornbusch, 1987).

Жалпы алғанда, халықтың әл-ауқатының функциясы ретінде үй шаруашылығын тұтынуды, сондай-ақ үй шаруашылықтарының кредиттеуге қол жеткізу факторларын, кредит бойынша пайыздық мөлшерлемелерді, инфляцияны және т.б. қоса отырып зерделейтін көптеген жұмыстар бар.

Тұтынушылардың сұранысын зерделеуге арналған көптеген жұмыстар үй шаруашылықтарының балансы түріндегі микродеректерге негізделген. Осындай соңғы жұмыстардың бірінде (Crawley, E., Kuchler, A., 2020) тұтыну модельдерінің микронегіздері зерделеніп, біркелкі тұтынбаудың макроэкономикалық салдары сандық тұрғыда бағаланады. Жұмыста тұтынудың үй шаруашылықтарының әртүрлі топтары үшін табыстың тұрақты және уақытша күтпеген өзгерістеріне реакциясын бағалаудың жаңа эмпирикалық әдісі ұсынылады. Алынған нәтижелерге сәйкес, пайыздық мөлшерлемелер онша әсер етпейтін отбасыларға қарағанда пайыздық мөлшерлемелердің көтерілуінен табысынан айырылуы мүмкін үй шаруашылықтарына табыстың күтпеген өзгерістері көбірек әсер етеді.

Бірқатар жұмыстарда VECM модельдеріне негізделген табыс пен тұтынудың ұзақмерзімді өзара байланысы сипатталады. Мәселен, бір зерттеуде (Singh, 2004) Фиджи аралында ұзақ мерзімді кезеңде тұтыну халықтың табысымен және әл-ауқатымен анықталады. Ал қысқамерзімді кезеңде тұтыну негізінен нақты пайыздық мөлшерлемемен және таза жеке аударымдармен анықталады.

Қазақстан аймақтарында халықтың табысына қатысты тұтынушылық сұраныстың түрлілігін эмпирикалық бағалау

Қазақстанда тұтынушылық сұранысты зерделеуге бағытталған жұмыстар да бар. Мәселен, бір жұмыста (А. Жүзбаев, Б. Сейдахметова, 2019) тұтынушылық сұраныстың бірқатар макроэкономикалық көрсеткіштермен ұзақмерзімді өзара байланысы анықталды. Сонымен қатар векторлық авторегрессия модельдерінің негізінде осы макро айнымалылардың күтпеген өзгерістеріне тұтынушылық сұраныстың серпіндік жауаптарының функциялары құрылды. Нәтижелер тұтынудың ең үлкен реакциясы жалдамалы жұмысшылар саны мен халық санының күтпеген өзгерісінен байқалатынын көрсетті.

Америка штаттары бөлінісінде ақша-кредит саясаты әсерінің әртүрлі болуы қарастырылатын жұмыс қызығушылық (Carlino G., 1998) тудырады. Жұмыстағы тұжырымдардың бірі – ақша-кредит саясатының құралдарына табыс реакциясының өңірлік дифференциациясын анықтау үшін құрылымдық векторлық авторегрессия тәсілін қолданудың релеванттылығы. Бұл тәсілді ресейлік автор қолданды (Закирзянов, 2021), ол жоғарыда аталған SVAR әдістемесі негізінде өңірлер бойынша сұраныс айырмашылығының факторларына бағалау жасады. Талдауға сәйкес Ресей өңірлеріндегі тұтынушылық сұраныстың негізгі драйвері – нақты жалақы.

## 1.2. Пайдаланылған деректер

Жұмыста экономикалық агент ретінде – Қазақстанның өңірлері бойынша үй шаруашылықтары (ҮШ). Ең қолжетімді уақыт легін жинау мақсатында тарихи динамикада орын алған ірі өңірлерді кішірек өңірлерге бөлу өткізіп жіберіліп, бастапқы түрінде пайдаланылды (А қосымшасы).

Өңірлік бөліністе тұтыну бойынша ұлттық шоттар статистикасының (ҰШС) болмауына байланысты өңірлер бойынша сұраныс көрсеткіші ретінде қандай айнымалыны пайдалану керек деген сұрақ туындады. Осы мақсатта жан басына шаққандағы тұтыну шығысы бар үй шаруашылықтарының тұтыну динамикасын және есептік көрсеткішті салыстыру жүргізілді. Есептік көрсеткіш үй шаруашылықтарының, оның ішінде бөлшек сауда айналымының, қоғамдық тамақтанудың, қонақ үй қызметтерінің, жолаушылар айналымының және басқа да жеке қызметтердің (шаштараздар, сұлулық салондары және т.б.) сұранысын қамтамасыз ететін салалар өндірісі көлемінің жиынтығын білдіреді. Есептеу бойынша осы салалар көлемінің жиынтығы қаралып отырған уақыт аралығында ҰШС-дағы сұраныстың орта есеппен 36%-ын алды<sup>2</sup>.


Жалпы алғанда, сұраныс динамикасы белгілі бір кезеңдерде құбылмалы болады, бұл төлем балансының статистикасына<sup>3</sup> ғана емес, сонымен қатар

<sup>2</sup>Мұндай төмен үлес жұмыста пайдаланылған айлық және тоқсандық статистиканы жинау әдістемесімен байланысты. Мәселен, бөлшек сауда бойынша айлық статистиканы жинау үшін іріктеменің репрезентативтілік ерекшелігін сақтай отырып, шағын кәсіпорындардың 10%-ның деректері есепке алынады.

<sup>3</sup> Экспорт декларацияларын тапсыру кезінде 90 күнге дейін кідіріс болады, бұл сауда балансының динамикасына тікелей әсер етеді. СЖРА ҰСБ соңғы пайдалану әдісімен ЖІӨ-ні есептеу кезінде сауда балансының статистикасын пайдаланады, ал лаг ЖІӨ-нің динамикасына әсер етеді. Осылайша, есепті кезеңде нақты мұнай өндіру көрсетілетін өндіріс тарапынан ЖІӨ мен алдыңғы кезеңдегі мұнай сату көлемі есепті мұнай экспорты ретінде болатын сұраныс тарапынан ЖІӨ арасында белгілі бір айырмашылық туындайды. Айырмашылық экспорттың жоғары өсуі немесе төмендеуі кезеңінде айтарлықтай болады, бұл ішкі сұраныс бойынша цифрларды бұрмалайды және оның динамикасын мейлінше құбылмалы етеді.

Ұлттық шоттардың көрсеткіштеріне де әсер ететін экспорттың артта қалуына байланысты ҰШС статистикасы сапасының салдары болып табылады. Бұл ретте Қазақстанда сұраныс бойынша баламалы статистиканың болмауына байланысты жұмыста автор есептеген сұраныс айнымалысы пайдаланылатын болады. Динамика бойынша да, сол сияқты статистикалық сипаттамалар бойынша да (В қосымшасы) екі айнымалының ішінде есептік көрсеткіш ҰШС-дағы сұраныс динамикасына барынша жақын. Жан басына шаққандағы тұтыну шығысы 2014 – 2016 жылдар аралығындағы кезеңде күрт төмендеді және соңғы уақытта да тұтынушылық сұраныстың жиынтық динамикасымен айтарлықтай алшақтықты көрсетті (1-график).


**1-график. ҰШС-дағы ҰШ сұранысының, жан басына шаққандағы тұтыну шығысының және сұраныстың есептік көрсеткішінің динамикасы (үй шаруашылықтарының сұраныс дефляторын пайдалана отырып есептелген)**




Дереккөз: ҰСБ СЖРА, автордың есептеуі

Сондай-ақ өңірлік бөліністегі прокси-ауыспалы сұраныс ретінде есептік көрсеткішті таңдаудың әртүрлі болуын тексеру үшін ЖІӨ-дегі ЖӨӨ үлесі бойынша бөлумен есептелген сұраныстың жалпы көлеміндегі тұтыну үлесі бойынша өңірлерді бөліп салыстыру жүргізілді. Сұраныс ЖІӨ-де ең көп үлеске ие екенін ескерсек, өңірлер сұраныс бойынша да, ЖӨӨ бойынша да бірдей бөлінеді деп болжау қисынды. Жалпы, өңірдегі мұнай секторының жоғары үлесін ескере отырып, көлемі бойынша екінші ЖӨӨ бар Атырау облысын қоспағанда (ұсыныс жағынан) гипотеза расталады (2,3-график).

**2-график. Өңірлерді сұраныстың жалпы көлеміндегі үлестер бойынша бөлу.**




**3-график. Өңірлерді ЖІӨ-нің жалпы көлеміндегі үлестер бойынша бөлу.**




Дереккөз: ҰСБ СЖРА деректері негізінде автордың есептеуі

ҰСБ ұсынатын тұтыну шығысындағы ақылы қызметтерге арналған шығыстың құрылымы және есептік көрсеткіш біршама ерекшеленеді. Бұл ретте есептік көрсеткіште халықтың денсаулық сақтауға, білім беруге, сондай-ақ коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығыстың есепке алынбағанын ескеру қажет. Ақылы сервистерде көрсетілетін бұл қызметтердің үлесі шамамен 40%-ды құрайды және олардың көлемін есептік ауыспалы қызметке қосқан кезде көрсетілетін қызметтер мен бөлшек тауар айналымының үлесі тұтастай алғанда жан басына шаққандағы тұтыну шығысының құрылымына сәйкес келеді. Осылайша, есептік сұраныс тұтастай алғанда халықты тұтынудың жалпы паттеріндерін қайталайды деген қорытынды жасауға болады.

**4-график. Есептік сұраныстың құрылымы (2023 ж. 2-т.)**



**5-график. Тұтыну шығысының құрылымы (2023 ж. 2-т.)**



Дереккөз: ҰСБ СЖРА, Автордың есептеуі

Жан басына шаққандағы нақты ақшалай кіріс, сондай-ақ өңірлер бойынша тұтыну кредиттерін беру көлемі сұраныстың түсіндіруші факторлары ретінде тандалды. Жапония бойынша шағын деректер негізінде жүргізілген жұмысқа сәйкес (Midori Wakabayashi; Charles Yuji Horioka, 2005), қарыз алу бойынша шектеулер үй шаруашылықтарының тұтынушылық іс-әрекетіне маңызды әсер етеді және кредиттеуге рұқсаты жоқ адамдарды тұтыну табыстың өзгеру әсеріне көбірек ұшырайды. Сондай-ақ жұмысқа сәйкес эндогендік фактор ретінде жеке тұлғалардың кредиттері бойынша (3 айдан 1 жылға дейін) кредит беру шарттарының нашарлауын немесе жақсаруын сипаттайтын қысқамерзімді номиналды пайыздық мөлшерлеме ескеріледі.

Алынған бағалардың робастылығын тексеру үшін экзогендік фактор ретінде теңгенің айырбастау бағамының динамикасын қатыстырады. Пандемия кезеңінде карантин енгізу кезінде сұраныс айтарлықтай төмендеген кезеңін, сондай-ақ қаңтар оқиғаларына сәйкес келетін 2022 жылдың бірінші тоқсанын қамтитын дамми айнымалылары қосылды. Бұл дамми айнымалылары сұраныстың ғана емес, дағдарыс кезеңдеріндегі кіріс пен кредиттеудің де тәртібін түсіндіре алады.

Уақыт қатары 2011 жылдан бастап осы сәтке дейін өңірлер бойынша барынша қолжетімді тоқсандық статистиканы қамтиды. Барлық көрсеткіштер 2010 жылғы базаға тұрақты бағаларға келтірілген. Х12 әдістемесі бойынша қатарларды маусымдық тазарту жүргізілді. Маусымдық мәндер қамтылмаған көрсеткіштер нақты мәнде тоқсандық индекс (кв/SA кв пайызбен) түрінде берілген.

### 1.3. Талдау әдістемесі

Бағалау техникасы жұмыстың негізі болады (Закирзянов, 2021), ол өз кезегінде құрылымдық векторлық авторегрессияға негізделген ФРЖ ақша-кредит саясатына АҚШ штаттары бойынша реакцияның әр түрлі болуын бағалайтын зерттеуге (Carlino G., 1998) сүйенеді. SVAR векторлық авторегрессия класының моделі болып табылады және математикалық түрде мынадай нысанда ұсынылады:

$$A Y_t = A_1^S Y_{t-1} + \dots + A_p^S Y_{t-p} + C^S X_t + B u_t, \quad (1)$$

мұнда  $Y_t$ - ( $n \times 1$ ) эндогендік айнымалылар векторы;

$X_t$  – экзогендік айнымалылар векторы;

$A, A_i^S, C^S, B$  – сәйкестендірілмейтін параметрлер матрицасы;

$u_t$ , –  $\Sigma$  € диагональды ковариациялық матрицасы бар ақ шуыл болып табылатын құрылымдық күтпеген өзгерістердің векторы, мұнда бір немесе бірнеше элементтер белгілі бір теориямен қолдау көрсетілетін экономикалық интерпретацияға ие. SVAR шеңберінде анықталған қалыпты күтпеген өзгерістерге жиынтық ұсыныс, жиынтық сұраныс, фискалдық, монетарлық, технологиялық күтпеген өзгерістер жатады (Kilian L., Lütkepohl H., 2017).

SVAR моделіндегі (Breitung J., Bruggemann R., Lutkepohl H., 2004) күтпеген өзгерістерді анықтаудың мынадай тәсілдері бар:

- ✓ қалдықтардың бағаланған ковариация матрицасына Холецкийдің ыдырауы қолданылады, оған сәйкес аз эндогендіден көпке дейін тәртіп сақталуы керек;
- ✓ қателер үшін құрылымдық теңдеулерді тұжырымдау;
- ✓ күтпеген өзгерістерге ұзақ мерзімді әсер етуді шектеу, оның ішінде белгілер бойынша шектеулер (ең көп таралған мысал ұзақ мерзімді кезеңдегі ақшаның бейтараптығы).

(1) теңдеу берілген VAR теңдеуі мен SVAR спецификациясының байланысын сипаттайды. Бұл теңдеу әрі қарай құрылымдық айнымалыны эндогендік параметрлердің алдына жылжыту арқылы түрлендіріледі:

$$Y_t = A^{-1}A_1^S Y_{t-1} + \dots + A^{-1}A_p^S Y_{t-p} + A^{-1}C^S X_t + A^{-1}B u_t \quad (2)$$

Кейіннен (2) теңдеуін қорытынды бойынша мынадай түрде ұсынуға болады:

$$Y_t = A_1 Y_{t-1} + \dots + A_p Y_{t-p} + C X_t + \epsilon_t, \quad (3)$$

мұнда  $A_i = A^{-1}A_i^S$ ,  $C = A^{-1}C^S$ ,  $S = A^{-1}B$  матрицалары ұсынылған.

S-тің соңғы қатынасы құрылымдық күтпеген өзгерістер мен моделдің күтпеген өзгерістері арасындағы байланысты қысқартылған (төмендетілген) түрде сипаттайды. Мұнда  $A^{-1}B u_t = S u_t = \epsilon_t$ ,  $E(\epsilon_t \epsilon_t') = \Sigma \epsilon = A^{-1}B B' A^{-1'} = S S'$ .

Жұмыста S матрицасы негізінде қысқа мерзімді шектеулер қойылады. Стандартты шектеулердің екі түрі дисперсиялар мен ауытқулардың құрылымдық матрицасына белгіленеді:

1. Құрылымдық күтпеген өзгерістер ортогоналды деп есептеледі;
2. Құрылымдық күтпеген өзгерістердің өзгеруі 1 ге дейін қалыпқа келеді.

Қысқа мерзімді шектеулер матрицасында күтпеген өзгерістер ең аз эндогендіден көп эндогендіге дейін орналасады. Осылайша, нақты кірістер мен кредиттеудің күтпеген өзгерістері сұранысқа байланысты, ал пайыздық күтпеген өзгеріс барлық басқа күтпеген өзгерістерге байланысты. Жалпы алғанда векторлық авторегрессия моделін жүйе түрінде ұсынуға болады:

$$\begin{cases} incomes_t = \alpha_{10} + \alpha_{11}incomes_{t-1} + \alpha_{12}credits_{t-1} + \alpha_{13}demand_{t-1} + \alpha_{14}interest_{t-1} \\ credits_t = \alpha_{20} + \alpha_{21}incomes_{t-1} + \alpha_{22}credits_{t-1} + \alpha_{23}demand_{t-1} + \alpha_{24}interest_{t-1} \\ demand_t = \alpha_{30} + \alpha_{31}incomes_{t-1} + \alpha_{32}credits_{t-1} + \alpha_{33}demand_{t-1} + \alpha_{34}interest_{t-1} \\ interest_t = \alpha_{40} + \alpha_{41}incomes_{t-1} + \alpha_{42}credits_{t-1} + \alpha_{43}demand_{t-1} + \alpha_{44}interest_{t-1} \end{cases}$$

мұнда,  $incomes_t$  – халықтың жан басына шаққандағы нақты ақшалай кірістерінің тоқсандық индексі;  $credits_t$  – тұтынушылық кредиттерді берудің нақты қарқынының тоқсандық индексі;  $demand_t$  – есептелген сұраныстың нақты өсу қарқынының тоқсандық индексі;  $interest_t$  – жеке тұлғалардың кредиттері

бойынша орташа тоқсандағы қысқа мерзімді пайыздық мөлшерлеме;  $\alpha_{ij}$ -бағаланатын параметрлер.

Параметрлердің бір-біріне өзара әсері туралы априорлық түсініктерге сәйкес келетін қысқа мерзімді шектеулер матрицасы төменде келтірілген:

	Incomes	Credits	Demand	Interest
Incomes	NA	0	0	0
Credits	NA	NA	0	NA
Demand	NA	NA	NA	0
Interest	NA	0	NA	0.5 п.п.

Кіріске кредиттеу, сұраныс және пайыздық мөлшерлеме әсер етпейді. Кредитке нақты кірістегі күтпеген өзгерістер (кіріс неғұрлым жоғары болса, кредиттер бойынша төлем қабілеттілігі де соғұрлым жоғары болады), сондай-ақ АКС пайыздық арнасы арқылы пайыздық мөлшерлемелер әсер етеді. Сұранысқа кіріс пен кредиттеудегі күтпеген өзгерістер ықпал етеді. Пайыздық мөлшерлемеге кіріс пен сұраныстағы күтпеген өзгерістер әсер етеді. Пайыздық мөлшерлемелердегі күтпеген өзгерістер алдындағы 0.5 пайыздық тармақ мәні кредиттеу талаптарын қатаңдау ықтималдығын сипаттайды. Алайда, қысқа мерзімді кезеңде Ресей экономикасы үшін (Закирзянов, 2021) кредит бойынша пайыздық мөлшерлеменің айтарлықтай әсері болмады. Демек, шектеулер матрицасында пайыздық мөлшерлемеге қатысты кредиттеудегі күтпеген өзгерістер алдындағы мәні 0-ге тең. NA мәндері барынша шындыққа жанасатын әдіспен бағаланатын бір стандартты ауытқу мөлшеріндегі күтпеген өзгерістердің көлемін білдіреді.

#### **1.4. Қазақстандағы үй шаруашылықтары тұтынуының ерекшеліктеріне қысқаша экскурс**


Әлем экономикасының көпшілігінде үй шаруашылығын тұтынудың жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) құрылымындағы үлесі өте үлкен және экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күштерінің бірі болып табылады. Қазақстанда да ЖІӨ-нің жартысынан сәл көбін тұтынушылық сұраныс алады, оның ЖІӨ-дегі үлесі 2005 жылдан бері орта есеппен 48%-ды құрайды.

Бизнес циклінің кезеңдеріне қарай үй шаруашылығын ЖІӨ-де тұтынудың номиналды үлесінің біршама артқаны және азайғаны байқалады. Атап айтқанда, төмендеу мұнай бағасы жаппай өскен кезеңдерге және номиналды экспорт үлесінің кеңеюіне байланысты.

Жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің едәуір өсуіне қарамастан, елдегі тұтыну әрекеті өзгеріссіз қалып отыр. Халықтың азық-түлікке жұмсалатын шығысының жоғары үлесі Қазақстандағы тұтынудың ерекшелігі болып табылады. Олардың үлесі елдегі қолайлы экономикалық жағдайға қарай 45%-ға өзгеріп, дағдарыс кезеңдерінде 50%-дан асып түседі (6-кесте). Әлемдік рейтингте Қазақстан дамыған елдерден, сондай-ақ әлемнің дамушы экономикаларының көпшілігінен едәуір озып, азық-түлікке жұмсалатын шығыс үлесі жоғары елдерге жатады (С қосымшасы).

Соңғы деректер бойынша азық-түлікке жұмсалатын шығыс үлесі жиынтық шығыстың 50%-дан астамын алады. Азық-түлікке жұмсалатын шығыстың ең көп және ең аз үлесі бар аймақтар арасындағы айырмашылық ауқымы шамамен 20 пайыздық тармақты құрайды (7-кесте).


**6-график. Үй шаруашылығы шығысының құрылымы**



2015 2016 2017 2018 2019 2020 2021 2022

- өзге де шығыстар
- ақылы қызметтер
- азық-түлікке жатпайтын тауарлар
- азық-түлік тауарлары

**7-график. 2022 жылғы өңірлер бойынша ҮШ шығысының құрылымы**



- Өзге де шығыстар
- Ақылы қызметтер
- азық-түлікке жатпайтын тауарлар
- Азық-түлік тауарлары

Дереккөз: СЖРА ҰСБ


Қазақстанда қалыптасқан тұтыну маңыздылығы себептерінің бірі – үйде тамақ дайындап, үйден тамақ ішуге байланысты қалыптасқан әдеттер. Үйден тыс жерде тамақтануға жұмсалатын шығыс үлесі аз және 2011 жылдан бері аса өзгерген жоқ (2011 жылы 2,9%, 2022 жылы – 2,2%).

Азық-түлікке жұмсалатын шығыстың жоғары деңгейіне халықтың әл-ауқат деңгейі де әсер етеді. Жан басына шаққандағы тұтыну шығысы ең төмен және азық-түлікті сатып алу шығысының үлесі жоғары өңірлер ел бойынша төлем қабілеттілігінің салыстырмалы түрде төмен деңгейімен сипатталады. Олардың қатарында Оңтүстік Қазақстан (Түркістан облысы және Шымкент қаласы), Жамбыл, Қызылорда және Маңғыстау облыстары бар (7-кесте). Жан басына шаққандағы тұтыну шығысының көлемі жағынан Алматы қаласы басқа өңірлерге қарағанда үлкен алшақтықпен, сондай-ақ Астана қаласы көш бастап тұр (8-кесте). Динамикадағы тұтынудың аймақаралық алшақтығы 2011 жылдан бері айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ және зерттелетін кезеңдегі стандартты ауытқу өзгермеген.

Бұл ретте халықтың материалдық жағдайының біршама нашарлағаны байқалады, ол тұтынуға пайдаланылған кірістің ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасымен арақатынасының медианасында көрінеді. Бұл халықтың кірісімен


салыстырғанда ең төменгі күнкөріс деңгейінің озық өсуіне байланысты орын алып отыр (9-кесте).

**8-график. Өңірлер бойынша халықтың жан басына шаққандағы нақты шығысының динамикасы, теңге**



Дереккөз: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есебі


**9-график. Тұтынуға пайдаланылған кірістің ең төменгі күнкөріс деңгейімен арақатынасы, %**



Кірістің баяу өсуі ең төменгі күнкөріс деңгейінен ғана емес, үй шаруашылықтарының тұтынуынан да байқалды. Осылайша, бақыланатын кезеңнің үлкен бөлігінде халықтың тұтынуға жинақталған шығысымен салыстырғанда жинақталған кірісінің өсуінің артта қалғаны байқалады. Қолда бар кіріспен қамтылмаған тұтынудың бір бөлігі тұтынушылық кредиттердің өсуімен қамтамасыз етіледі. Демек, жыл сайын тұтынушылық кредиттеудің нақты өсуі (D қосымшасы) үй шаруашылықтарының сұранысын арттырады, осылайша оның өсу қарқыны әрдайым халықтың кіріс деңгейінен жоғары болды (10-график). Пандемия басталғаннан бергі кезең өзгеше, бұл кезде карантин шектеулеріне байланысты тұтыну айтарлықтай төмендеді, ал кірістің азаюы мемлекет тарапынан айтарлықтай қолдау аясында соншалықты ауыр болған жоқ. Содан кейін карантин жеңілдетілген кезде тұтынушылық шығыс қаңтардағы қайғылы оқиғаларға дейін қалпына келтірілді, мұнда елдің көптеген өңірлерінде сұраныс қайтадан айтарлықтай төмендеді. Қазіргі уақытта кірістің өсуі тұтынушылық сұранысқа қарағанда баяу.

Бұл ретте өңірлердің жартысында, оның ішінде БҚО, Маңғыстау, Атырау, Алматы, Қарағанды, СҚО, ШҚО, Жамбыл облыстарында кірістің өсуі ағымдағы тұтыну көлемін толығымен жабады (Е-қосымшасы).


**10-график. Үй шаруашылықтарының тұтыну, халық кірісінің және тұтынушылық кредиттерді берудің жинақталған индексі (нақты мәнде, 2011 жылғы 1-тоқсан =100)**



Дереккөз: СЖРА ҰСБ, автордың есебі

Жоғары кіріс кезінде қарыздың үлкен көлемін алу мүмкіндігіне байланысты өңірлік бөліністе халықтың жан басына шаққандағы орташа кірісі мен жан басына шаққандағы берілген кредиттер арасында оң байланыс байқалады (11-график). Осыған орай, еліміздің барлық өңірлерінде тұтынушылық кредиттеудің өсуіне қарамастан, өңірлердің жан басына шаққандағы берілген кредиттерінің көлемі бойынша бөлінуі біркелкі емес. Алматы қаласында халықтың жан басына шаққандағы кірісі жан басына шаққандағы берілген кредиттерден әлдеқайда артта қалады, ал Астана қаласында кіріс пен кредиттер көлемі тең, бұл тұтыну қарқынының осы қалалардағы кірістен айтарлықтай асып кеткенін түсіндіреді. 2023 жылғы екінші тоқсандағы қорытынды бойынша Астана мен Алматыда берілген кредиттердің шоғырлануы жиынтық тұтынушылық кредиттеудің 44%-ын құрады.

**11-график. Халықтың жан басына шаққандағы тұтынушылық кредиттері мен кірісі<sup>4</sup>, өңірлер бойынша борыштық жүктеме деңгейі, теңге**



Дереккөз: автордың есебі

<sup>4</sup> СЖРА ҰСБ әдіснамаға сәйкес жалдамалы жұмыстан, өзін-өзі жұмыспен қамтудан түсетін кірісті, трансферттерді және өзге де түсімдерді (сактандыру төлемдері, салымдар бойынша пайыздар және басқалар) ескереді.

Сонымен қатар, СЖРА ҰСБ-ның деректеріне сүйене отырып, халықтың кредиттермен қамтамасыз етілуі мен өңірлер бойынша борыштық жүктеме деңгейі арасында қандай да бір тәуелділіктің болмау фактісі қызықты болып табылады, ол тоқсандағы кредиттер мен борыштар бойынша төлемдердің тоқсандағы жан басына шаққандағы кіріске қатынасы ретінде есептелген (11-график). Яғни, жан басына шаққандағы кіріс пен кредиттердің деңгейі шамамен бірдей өңірлерде борыштық жүктеменің әртүрлі деңгейі бар. Себептердің бірі жұмыста есепке алынбаған банктік емес кредиттеу деңгейі болуы мүмкін, бұл СЖРА ҰСБ есептеген үй шаруашылықтарының қарыздарды өтеуге тоқсан сайынғы шығысының мөлшеріне әсер етуі мүмкін.

### **1.5. Кіріс пен кредиттеудің Қазақстандағы тұтыну шығысына әсерін эмпирикалық бағалау**

Халықтың кірістері мен тұтынушылық кредиттеудің күтпеген өзгерісіне тұтынушылық сұраныстың серпінді жауап беру функцияларын бағалаумен Қазақстанның 16 өңірі үшін құрылымдық векторлық авторегрессия модельдері құрылды. Талдау нәтижелері бойынша өңірлердің бір бөлігінде кірістердің де, тұтынушылық кредиттеудің де өзгерістерінің күтпеген өзгерісіне тұтынушылық сұраныстың елеулі әсерлері жоқ. Себептердің бірі осы өңірлер бойынша сұраныс статистикасының сапасы болып табылуы мүмкін.

Қалған өңірлердің 50%-ы кредиттеуге де, ақшалай кірістерге де статистикалық мәні бар оң пікірлерге ие (1-сурет). Бұл өңірлердің жартысы тек табысқа ғана не тек кредиттеуге ғана жауап береді (F-қосымша).

Астана, Алматы қалалары, сондай-ақ Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстары кіріске де, кредиттеуге де көңіл бөліп отыр. Бұл ретте барлық жағдайларда кредиттеуге жауап кіріске қарағанда жоғары.

Жамбыл, Алматы және Маңғыстау облыстары халықтың нақты кірістерінің өзгеруіне ғана статистикалық тұрғыдан маңызды үн қатуда.


Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қарағанды және Қызылорда өңірлері тұтынушылық кредиттеудің өзгеруіне ғана жауап берді.

Тұтастай алғанда өңірлік бөліністе талдау тұтынудың негізгі драйвері тұтынушылық кредиттеу болып табылатынын көрсетті. Тұтынушылық кредиттеуге көп жауап беретін өңірлер жан басына шаққандағы кредиттермен қамтамасыз етілудің жоғары деңгейімен (Ақмола облысын қоспағанда, ел бойынша медиана деңгейінен жоғары) және шығыстар құрылымында тамақ өнімдеріне жұмсалатын шығыстардың неғұрлым төмендігімен сипатталады. Статистикалық маңызды әсері бар өңірлердің тек нақты кірістерге ғана ұқсас шегі бар – бұл төлем қабілеттілігінің әлсіз деңгейі, кредиттеудің неғұрлым төмен қолжетімділігі (Маңғыстау облысын қоспағанда) және соның салдарынан тамақ өнімдеріне шығыстардың үлкен үлесі (1-сурет).

Сонымен қатар өңірлердің 30%-ы кірістер мен кредиттеудің күтпеген өзгерісіне елеулі жауап бермеді, бұл одан әрі талдауды және өңірлер бойынша

сұраныстың басқа да прокси-көрсеткіштерін іздестіру жөніндегі жұмысты жалғастыруды талап етеді.

### 1-сурет. Өңірлер бойынша жалақы мен тұтынушылық кредиттеудің күтпеген өзгерістеріне тұтынушылық сұраныстың әсері



Дереккөз: Автордың есептеуі

Күтпеген өзгерістерге тұтыну әсерін сандық бағалау үшін қосымша кірістердің кумулятивтік әсеріне кірістердің күтпеген өзгерісіне тұтынудың кумулятивтік серпінді әсерін Холецкий бойынша бір стандартты ауытқу мөлшерінде бөлу жүргізілді. Осындай рәсім кредиттеу бойынша да жүргізілді. Бұл техника жұмыста ұсынылған серпінді әсердің кумулятивтік функцияларын қалыпқа келтіру рәсімі деп аталады (Mihailov, 2008).

Кредиттеудің 1%-дық күтпеген өзгерісіне тұтыну әсерінің шамасы 0,5%-дан 1,9%-ға дейін ауытқиды. Нақты кірістердің 1%-дық күтпеген өзгерісіне тұтыну әсері 0,2%-дан 1,2%-ға дейін құрайды. Осылайша, Қазақстандағы өңірлер бойынша тұтынушылық сұраныстың негізгі драйвері тұтынушылық кредиттеу болып табылады.

Серпінді пікірлердің алынған бағаларының сенімділігін тексеру үшін құрылымдық векторлық авторегрессиялардың модельдері экзогендік параметрлерді ескере отырып және ескермей әрбір өңір бойынша құрылған. Экзогенді айнымалылар болмаған және болған кезде пікірлердің маңыздылығы мен күтпеген өзгерістерден пікірлер шамасының қатты айырмашылығы болмайды, бұл жұмыста алынған бағалардың қатандығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді (G-қосымша). Қысқартылған үлгіге сәйкес, табысқа тұтынудың статистикалық тұрғыдан маңызды теріс әсері болған Ақмола облысы бұған жатпайды, бұл облыс бойынша алынған нәтижелерге аздап күмән келтіреді.

Қазақстан аймақтарында халықтың табысына қатысты тұтынушылық сұраныстың түрлілігін эмпирикалық бағалау

## **1.6. Одан әрі зерттеулерге арналған қорытындылар мен ұсыныстар**

Жұмыста SVAR әдістемесі қолданылады, оның негізінде теорияға негізделген қысқа мерзімді шектеулер мен күтпеген өзгерістер тұрғысынан динамикалық тұтынуды қарастыруға болады. Елдің 16 аймағына арналған SVAR модельдері жасалды және аймақтар бойынша халықтың нақты кірісі мен тұтынушылық кредиттер берудің күтпеген өзгерістеріне тұтынушылық сұраныстың жинақталған серпінді жауаптары бағаланды. Талдау нәтижелері бойынша өңірлердің шамамен 30% таңдалған күтпеген өзгерістерге тұтынудың статистикалық маңызы бар жауаптары жоқ екендігі анықталды. Өңірлердің бір бөлігі халықтың табыс көзіне деген күтпеген өзгерістерге де халыққа кредит беруге де, қалған өңірлері тек кіріске, ал бір бөлігі тек кредит беруге ғана сай келеді.

Бұл ретте табысқа әсері ғана бар өңірлердің белгілі бір жалпы ерекшелігі байқалады – бұл азық-түлік шығындарының жоғары үлесі және халықтың төлем қабілеттілігінің төмендігі, демек, жан басына шаққандағы тұтыну шығындарының төмендігі. Осылайша, тұтынушылық кредиттерді тартуда шектелген «аз қамтылған өңірлердің» үй шаруашылықтары қолда бар ресурстарды негізінен қажетті тауарларды, яғни азық-түлік өнімдерін сатып алуға бағыттайды.

Елдің көптеген аймақтарында тұтынушылық сұраныстың негізгі драйвері кредит беру болды. Ақша-кредит саясаты құралдарының тиімділігі тұрғысынан бұл АКС пайыздық арнасының тиімділігін арттырған кезде сұранысты ынталандыру немесе керісінше тежеу шаралары, ең алдымен, тұтынушылық кредит беру негізгі драйвер болып табылатын аймақтарда тиімді болатынын білдіреді.

Жұмыста біз азық-түлікке жатпайтын тауарларға жұмсалатын шығынның үлесі жоғары өңірлерде тұтынудың кредит беруге көбірек реакциясы байқалатынын, ал керісінше азық-түлік өнімдеріне жұмсалатын шығынның үлесі жоғары өңірлерде халықтың табысына әсері байқалатынын айтқанбыз. Сондықтан сұранысты одан әрі түсіну үшін болашақ зерттеулер тауарлардың санаттары бойынша бағалар мен кірістер бойынша сұраныстың икемділігін зерттеуге бағытталуы мүмкін. Бұл, ең алдымен, монетарлық саясаттың сұранысқа әсері тұрғысынан қызығушылық тудырады, өйткені тауарлар мен қызметтердің бірқатар реттелетін санаттары, сондай-ақ АКС аз дәрежеде әсер етуі мүмкін өте құбылмалы тауарлар бар. Мұндай жұмыстар кең таралған және авторларды тұтыну шығынының азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар арасындағы арақатынасын, сондай-ақ халықтың аз қамтылған топтарының баға күйзелістеріне осалдығының дәрежесін қайта бөлу мәселесі қызықтырады.

Сонымен қатар, мұндай талдауды жүргізу үшін үй шаруашылықтарының сауалнамасы негізінде алуға болатын сұраныс бойынша түйіршікті микродеректер қажет. Демек, сұранысты одан әрі зерттеудің негізгі векторы, ең алдымен, сапаны жақсарту және сұраныс статистикасына қол жеткізу жұмыстарына байланысты.

### Әдебиеттер тізімі

- Breitung J., Bruggemann R., Lutkepohl H. . (2004). Structural Vector Autoregressive Modeling and Impulse Responses. *Cambridge University Press*.
- Carlino G., D. .. (1998). The different regional effects of monetary policy.
- Crawley, E., Kuchler, A. (2020). Consumption Heterogeneity: Micro Drivers and Macro Implications.
- Dornbusch, R. a. (1987). Macroeconomics.
- E.Hall, R. (1978). Stochastic Implications of Life Cycle-Permanent Income Hypothesis: Theory and Evidence.
- Flavin, M. A. (1981). The Adjustment of Consumption to Changing. *Journal of Political Economy*.
- James E. H. Davidson, David F. Hendry, Frank Srba, Stephen Yeo. (1978). Econometric Modelling of the Aggregate Time-Series Relationship Between Consumers' Expenditure and Income in the United Kingdom.
- Kilian L., Lütkepohl H. (2017). Structural vector autoregressive analysis. *Cambridge University Press*.
- Midori Wakabayashi; Charles Yuji Horioka. (August 2005 г.). Borrowing Constraints and Consumption Behavior in Japan.
- Mihailov, A. (2008). Exchange rate pass-through to prices in macrodata: a comparative sensitivity analysis.
- Singh, B. (2004). Modelling real private consumption expenditure—an empirical study on Fiji.
- А. Жүзбаев, Б. Сейдахметова (2019). Қазақстандағы тұтынушылық сұранысқа факторлардың әсері: эмпирикалық бағалау.
- Р. Закирзянов, (2021). Оценка факторов региональной дифференциации потребительского спроса в Российской Федерации.

## Қосымша


### А. Өңірлер тізімі

Ақмола		
Ақтөбе		
Алматы		+Жетісу
Атырау		
Батыс-Қазақстан		
Жамбыл		
Қарағанды		+Ұлытау
Қостанай		
Қызылорда		
Маңғыстау		
ОҚО		Түркістан + Шымкент қ.
Павлодар		
СҚО		
ШҚО		+Абай
Астана қ.		
Алматы қ.		

### В. Сұраныс көрсеткіштерінің статистикалық сипаттамаларын салыстыру

	Есептік көрсеткіш	Жан басына шаққандағы шығын	ҰШЖ-дағы сұраныс
Mean	5.263054	0.758442	5.264263
Median	6.311852	0.823544	3.934012
Maximum	18.59252	13.50702	44.2
Minimum	-20.07729	-10.34595	-20.4
Std. Dev.	7.548739	6.067524	10.63636
Skewness	-0.883588	-0.006447	1.483034
Kurtosis	4.545407	2.226734	6.955426
Jarque-Bera	10.33349	1.121451	45.83054
Probability	0.005703	0.570795	0
Sum	236.8374	34.12989	236.8918


## С қосымшасы. Азық-түлік шығынының үлесі бойынша елдер



Дереккөз: автор ХВҚ-ның 2021 жылғы деректері негізінде жасаған


Қазақстан аймақтарында халықтың табысына қатысты тұтынушылық сұраныстың түрлілігін эмпирикалық бағалау

**D қосымша. Өңірлер бойынша нақты ақшалай кірістің, берілген кредиттердің және тұтынудың жылдық өзгеруі**




Дереккөз: СЖРА ҰСБ, автордың есебі


**Е қосымшасы. Өңірлер бойынша тұтынушылық сұраныстың, кірістің және кредиттеудің өсу қарқынының жинақталған индексі, % (2015 ж. 1-т.=100)**




Қызылорда облысы




Маңғыстау облысы




ОҚО




Павлодар облысы




СҚО




ШҚО



Астана




Алматы



Қазақстан аймақтарында халықтың табысына қатысты тұтынушылық сұраныстың түрлілігін эмпирикалық бағалау

**Ғ қосымшасы. Айнымалыларды түсіндіретін күтпеген өзгерістерге тұтынудың жинақталған импульстік әсерлерінің функциясы (1ст.ауытқу)**



Қазақстан аймақтарында халықтың табысына қатысты тұтынушылық сұраныстың түрлілігін эмпирикалық бағалау



**Г қосымшасы. Қалыпқа келтіру процесінің нәтижелері бойынша тұтынушылық сұраныстың кредиттеудегі күтпеген өзгерістерге және нақты кіріске жинақталған әсерлерінің мөлшері**

	Экзогендік айнымалыларды есепке алғанда		Экзогендік айнымалыларды есепке алмағанда	
	Кірістің 1% күтпеген өзгерісіне әсерінің мөлшері	Кредиттеудің 1% күтпеген өзгерісіне әсерінің мөлшері	Кірістің 1% күтпеген өзгерісіне шамасы	Кредиттеудің 1% күтпеген өзгерісіне шамасы
Ақмола	Жоқ	0,5%	-0,3%	0,67%
Ақтөбе	Жоқ		Жоқ	
Алматы	0,61%	Жоқ	0,54%	Жоқ
Атырау	Жоқ		Жоқ	
Батыс-Қазақстан	Жоқ		Жоқ	
Жамбыл	0,26%	Жоқ	0,4%	Жоқ
Қарағанды	Жоқ	1,12%	Жоқ	1,4%
Қостанай	Жоқ		Жоқ	
Қызылорда	Жоқ	1,91%	Жоқ	2,1%
Маңғыстау	1,24%	Жоқ	1,76%	Жоқ
ОҚО	0,53%	0,52%	1,0%	0,6%
Павлодар	0,41%	0,65%	0,9%	0,5%
СҚО	Жоқ		Жоқ	
ШҚО	Жоқ	0,81%	Жоқ	1,5%
Астана қ.	0,32%	1,24%	0,5%	0,95%
Алматы қ.	0,25%	1,78%	0,16%	0,86%